

ІҚҚА ҚЫЗМЕТ ЕТУ

титутының профессоры М. В. Сергиевскийге «Сүтқоректі жәндіктердің тыныс орталығы» деген ғылыми еңбегі үшін Сталиндік сыйлық берілді; бұл еңбек физиологияның аз зерттелген тарауына — тынысты тәртіптеуге арналған іргелі зерттеу еңбегі болып табылады. Павловтың іліміне сәйкес, Сергиевский мыйдың үлкен жарты шарлары қабығының тыныс орталығы қызметін тәртіптеуге қатысуы туралы мәселені зерттеді.

Советтік медицинаның қайраткерлері Н. И. Лепорскийдің, Д. Н. Атабековтың, А. П. Николаевтың, В. А. Неговскийдің және басқаларының көрнекті еңбектері де Сталиндік сыйлықтар алды.

Бұл еңбектерде біздің медициналық ғылымның жоғары идеялылығы, оның гуманизмі, теория табыстарының советтік денсаулық сақтау ісі практикасымен үздіксіз байланыстылығы айқын көрсетілді.

Өз жұмысында революциялық мичуриндік агробиологияға сүйенетін советтік селекционерлер және ауылшаруашылық малдарының жаңа тұқымдарын өсіру саласында жұмыс істеуші мичуринші биологтарымыз үлкен табыстарға жетті.

Совет ғылымының осындай көрнекті табыстарға жетіп отырған жағдайында соғыс өрті тұтандырушылардың қолында ғылыми зерттеулерді практикалық пайдаланудың міндеттері мен әдістерін жан-түршігерлік бұрмалап қана қоймай, ол зерттеулердің мазмұнының өзін бұрмалау бұрынғыдан бетер жексұрын болып көрінеді. Ол кісі өлтіргіштер ғалымдардың тұтас бір ұрпақтарының — өліммен күресушілердің орасан күш жұмсаулары арқасында жеткен кәзіргі замандық ғылым табыстарын миллиондаған адамдарды қыру қызметіне пайдалануда.

Ғылымдағы жалмауыздар, өздерінің ойданып долларға сатқан «ғалымдар» ғылымның қандай да болса алға басуына, оның табыстарын бейбіт жолмен қандай

Шөп шабуға тыңғылықты әзірленейік!

Жемшөптің берік қорын жасаймыз

Бәзір колхоз және совхоз мал өсірушілерінің алдына мал шаруашылығын өркендетіп, оның өнімділігін арттырумен бірге, мал азығының жылма-жыл берік қорын жасау міндеті қойылып отыр. Бұл мәселеге, әсіресе, ҚК(б)П Орталық Комитеті II пленумының қаулысында зор маңыз берілді. Осыған байланысты, Қарағанды астық совхозының мал өсірушілері быйғы жылы шөп шабу науқанын ойдағыдай өткізіп, қоғамдық малды құнарлы жемшөппен жеткілікті қамтамасыз етуді, яғни 1,5 жылға жетерлік мал азығын дайындауды ұйғарып отыр. Жемшөп қорының тұрақты базасын жасамайынша мал санын өсіріп, оның өнімділігін арттыруда күрделі табысқа жетуге болмайтындығын совхоз мал өсірушілері өз тәжірибелерінен айқын көріп жүр.

Совхоз мал өсірушілері мал азығын дайындауға кәзірден бастап әзірленіп жатыр. Өйткені тыңғылықты әзірліксіз шөп шабу науқанын ойдағыдай өткізу мүмкін емес. Тіпті көктемгі дала жұмыстарының қызу күндерінде де мал өсірушілеріміз мал азығын дайындауға әзірлік ті бір күн де тоқтатып көрген жоқ. Демек, олар бұл жұмысты егіс жұмыстарымен тығыз ұштастыра жүргізді.

Алғашқы күннен бастап, шөп машиналарын және басқа құрал-саймандарды жөндеуге қолда бар күш-мүмкіншілікті сарқа жұмылдырдық және оны тиімді пайдаландық. Осының арқасында шөп машиналары қысқа мерзімде толық жөнделіп болды. Бұдан басқа құрал-саймандарды жөндеу де ойдағыдай жүргізіліп жатыр.

Мал азығының берік қорын жасау жөнінде бұдан басқа да бірқатар жұмыстар істелді және істелуде. Қоғамдық мал

ны еске ала отырып, біз соңғы жылдары мал азығының біржылдық және көпжылдық шөп және жеміс тамырлы азық-аппаны егіс егу ісін біраз жақсарттық. Мал азығының біржарым жылдық қорын жасаймыз дегенде біз осы мүмкіншілікті де мұқият есепке алдық.

Өткен жылдарда егілген мал азығындық біржылдық және көпжылдық шөпті былай қойғанда, быйғы көктемде 1000 гектар жерге шөрей егіледі. Мұның 600 гектардайы кәзірдің өзінде егіліп болды. Ал, қалғаны бір екі күннің ішінде егіліп бітпек. Мұнымен бірге, шөп сүрлеу үшін 150 гектар алаңға күнбағыс, 30 гектар мал азығындық жеміс тамырлы егіс, 100 гектар көпжылдық еспардет, 50 гектар мағар, 65 гектар беде және төлдер үшін 150 гектар жерге сұлы егілді.

Мал азығының біржылдық, көпжылдық шөп және жеміс тамырлы егіс егу жұмыстары қысқа мерзімде, агротехникалық жоғарғы дәрежеде өтті. Осымен қатар, өткен жылдары егілген біржылдық және көпжылдық шөптерді көктемде күту де ойдағыдай ұйымдастырылды. 3 мың гектар шөп егілген жерлер тырмаланды және 300 гектар шөп егілген алаң минералды тыңайтқыштармен үстеп қоректендірілді. Мал азығындық шөп өгуде және бұрын егілген шөптерді көктемде күтуде арнаулы бригада жұмыс істеді. Ол бригаданы Соценко жолдас басқарды. Бригада мүшелері күнбе-күн өнімді еңбек етіп, жоғары қоректіліктерге жетті. Мұның өзі жоғарыда айтылғандай жұмысты әрі тез, әрі сапалы істеуге қолайлы жағдай туғызды.

Біз быйғы жылы егілген бұл шөптерден мыңдаған центнер құнарлы жемшөп жыйнайтын боламыз.

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС
КОМАНДОВАНИЕСІНИҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 18 май. (СОТА). Корея Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі бүгін өткен күні Корея Халық армиясының құрамалары қытай халық еріктілері бөлімдерімен бірлесе тығыз қыймыл жасай отырып, барлық майдандарда қорғаныс ұрыстарын жүргізуде болды деп хабарлады.

Халық армиясының зенит бөлімдері және жау самолетін аңдып атқыштар бейбіт елді аудандарды бомбалауға қатысқан дұшпанның 6 самолетін атып түсірді.

КОРЕЙ ХАЛЫҚ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ
РЕСПУБЛИКАСЫНА БҮКІЛ ДҮНИЕ-
ЖҮЗІЛІК БЕЙБІТШІЛІК СОВЕТІ
КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚЕЛУІ

ПХЕНЬЯН, 17 май. (СОТА). Корея Халық-Демократиялық Республикасына бактериологиялық құралға сөзсіз тыйым салу туралы 1952 жылғы Женева конвенциясын американ әскерлерінің бұзғандық фактылары туралы материалдарды жыйнау жөніндегі халықаралық комиссия мүшелерінің бір тобы келді.

Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советі бюросының Ослода болған сессиясында бейбітшілікті қорғау және американ агрессиясына қарсы күресудің Қытай Халықтық Комитетінің ұсынысы бойынша бұл комиссияны Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советі құрған болатын.

Комиссия мүшелері американ әскерлерінің Қытайда бактериологиялық құралды қолдануы фактылары жөніндегі материалдарды жыйнастыру жұмысын аяқтап, жақын күндерде американ әскерлерінің Корея Халық-Демократиялық Республикасы жерінде бактериологиялық соғысты жүргізудің фактыларын анықтау жұмысына кіріседі.

КОЧЖЕДО АРАЛЫНДА АМЕРИКАН
КОМАНДОВАНИЕСІ СОҒЫС
ТҮТҚЫНДАРЫН ЖАЗАЛАУДА

ЛОНДОН, 17 май. (СОТА). Рейтер